

**«Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
жұмысының 2013 жылғы қорытындылары және
2014 жылға арналған перспективалары» тақырыбында
2014 жылғы 24 ақпанда өткен Үкімет
сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы Ә.А. Смаиловтың баяндамасын тыңдай келе, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- сапалы статистикалық байқаулар, зерттеулер жүргізуді көзделсін және экономиканы нақты болжау мен жоспарлау және пайдаланушыларды жаңа ақпаратпен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының (Мемлекет басшысының жолдауларын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарлар, мемлекеттік және салалық бағдарламалар) іске асырылу барысы туралы көрсеткіштерді бағалау жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлесін;

- статистикалық есептер нысандарының санын азайту және статистикалық деректерді алмасу мен уақтылы жаңарту бойынша мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы респонденттерге (жеке және заңды тұлғаларға) жүктемені азайту жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

- мемлекеттік статистика органдары ұсынатын статистикалық ақпараттың анықтығы мен объективтілігін арттырсын және пайдаланушыларды статистикалық деректермен жұмыс істеудің тиімді және ыңғайлы әдісімен қамтамасыз ететін ұтымды жүйені құрсын;

- статистикалық деректерге білікті жұмысшы мамандықтары бойынша білім алушыларға деген қажеттілік, контингенті, оларды қабылдау, даярлап шығару және жұмысқа орналастыру жөніндегі көрсеткіштерді енгізсін;

- мемлекеттік статистика органдарының сайттарын, әсіресе, өңірлік деңгейде мемлекеттік тілдегі статистикалық ақпаратпен уақтылы толықтырып отыруды қамтамасыз етсін;

- статистика мамандарына өңдеу процесін өз бетінше басқаруға және статистикалық деректерді жариялауды жылдамдатуға мүмкіндік беретін, статистикалық деректерді электрондық түрде өңдеу жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылдасын;

- халықаралық стандарттарға сәйкес әдістемені әзірлеу, статистикалық және әкімшілік деректерді жинау, өңдеу және талдау, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөніндегі ғылыми-зерттеу институтын құру мүмкіндігін қарастырсын;

- кәсіпкерлік субъектілері мен халықты объективті және анық статистикалық ақпаратпен уақтылы қамтамасыз ету мақсатында Кеден одағына мүше мемлекеттердің, Дүниежүзілік сауда ұйымының және басқа да халықаралық ұйымдардың статистика органдарымен өзара іс-қимылды жандандырсын;

- жыл сайынғы статистикалық жұмыстар жоспарларын әзірлеу мен орындау сапасын арттырсын, сондай-ақ статистика органдарының жұмысын кеңінен тарату және дыбыс- және бейнероликтерді, интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық арасында статистикалық ақпаратты пайдалану және «Білім және Мәдениет», «24 KZ» және басқа да ұлттық телевизия арналарында негізгі статистикалық деректерді көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.